

Ұлан ауданы Айыртау ауылдық округі Айыртау ауылының көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Айыртау ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 8 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 желтоқсанда № 31447 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Айыртау ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 11 маусымдағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Айыртау ауылдық округі Айыртау ауылының келесі көшелері:

Попов көшесін Қоңырбай Құдагельдинов көшесіне;

Пушкин көшесін Тоқан Сембаев көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Д. Толеуханов